

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы

Ұйым атауы: «Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖҚ КМК
(бұдан әрі- *АИТВ орталығы*)

Талдау жүргізілген кезең: 03.09.2024 – 21.04.2025 ж.ж.

Талдау мерзімі: 21.04.2025 – 20.05.2025 ж. ж.

Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы директорының 2025 жылғы 14 сәуірдегі №48 н «Жұмыс тобын құру туралы» бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары төмендегі құраммен жүргізілді:

- 1) **Акбанова Л.З.**- директордың орынбасары, төрайым;
- 2) **Баянова М.М.**- заңгер, комплеанс офицері;
- 3) **Сарсенғалиев Д.Е.**- есепші, кәсіподақ төрағасы

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі Төрағасының 19.10.2016-ғы №12 бұйрығының 2-тарауы мен орталық директорының 14.04.2025 жылғы №49 н бұйрығы.

Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары: Кәсіпорын қызметінің мәні мемлекеттік лицензия мен оның қосымшаларына сәйкес АИТВ жұқпасының алдын алуды, диагностикалауды және емдеуді ұйымдастыру.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты: АИТВ жұқпасының таралу деңгейін төмендету және ескертуге бағытталған кешенді іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорынның орналасқан жері: индекс 060009, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы Адмирал Лев Владимирский көшесі, 22 Б құрылыс.

Осы талдамалық анықтама сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша жасалды. Талдау ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне, ішкі нормативтік актілеріне, рәсімдеріне және жұмыс процестеріне негізделіп жүргізілді.

Нормативтік құқықтық актілер: орталық - өз қызметінде актілерді басшылыққа алады.

1. ҚР Конституциясын
2. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексін,
3. ҚР Азаматтық, Еңбек Кодекстерін
4. ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның, өзге де нормативтік құқықтық актілер.

2. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді

- Ішкі нормативтік-құқықтық актілер (бұйрықтар, нұсқаулықтар, ережелер)
- Мемлекеттік қызмет көрсету процесі;
- Кадр жұмысы мен лауазымдық өкілеттіктер;
- Мемлекеттік сатып алулар;
- Қызметкерлер мен азаматтар арасындағы өзара іс-қимыл процестері;

Мемлекеттік сатып алу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Мемлекеттік сатып алу бекітілген жоспарға сәйкес веб портал арқылы бәсекелестік тәсілдерімен жүргізіледі. Өткізілген және өткізілетін мемлекеттік сатып алу туралы барлық ақпарат мемлекеттік сатып алу веб порталында қолжетімді және ашық. Медициналық бұйымдар мен дәрілік заттар бәсекелестік тәсілдермен сатып алынады.

Мемлекеттік сатып алу саласында заңды тұлғалармен уақытылы келісім шарт жасалып, шартарды уақытылы орындамаған әлеуетті өнім берушілерді іс материалдары сотқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы азаматтық тәртіппен талап арыздар уақытылы берілуде. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Кадр жұмысы мен лауазымдық өкілеттіктер

Орталықтың қазіргі уақытта штаттық қызметкерлер саны 83,75, оның ішінде дәрігерлер саны – 15,25, орта буын қызметкерлері - 21, кіші буын қызметкерлері – 7,50 басқа персоналдар – 35.

АИТВ орталығына 2025 жылдың қаңтар - сәуір аралығында журналист, күзетші, көлік жүргізуші бос лауазымдарына 3 қызметкер жұмысқа қабылданған. Аталған 3 бос лауазымдардың ішінде тек көлік жүргізуші лауазымына «Енбек.кз» порталы арқылы хабарландыру жасалған. Енбек кз порталына берілген хабарландыру арқылы жүргізуші лауазымы бойынша әңгімелесу жүргізіліп, тандалды, ал басқа лауазымдар бойынша қызметкерлер тікелей алынған.

Міндетті түрде барлық бос орындар пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бос орындардың бар-жоғы туралы мәліметтерді электрондық еңбек биржасына еңбек жағдайлары мен төлемін көрсете отырып жариялануы керек.

2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 103-бабының 2-тармағының 1-тармашасында көрсетілген.

2024-2025 жылдың барлық қызметкерлердің еңбекке жарамсыздық парағы тексерілді.

Талданып отырған кезеңде даулы жағдайлар фактісі тіркелген жоқ. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша мүдделер қақтығысы, жақын туыстары атқаратын лауазымға тікелей бағынысты бос лауазымдарға орналасу кезінде аффирлену фактілері анықталған жоқ.

Қызметкерлердің жеке істерін текеру кезінде жақын туыстары, жұбайлары атқаратын лауазымға тікелей бағысты мемлекеттік лауазымға орналасу фактілері анықталған жоқ. Мекеменің қызметкерлері ішкі құқықтық құжаттармен нұсқаулықтармен ережелермен және т.б таныстырылған.

Орталықта нормативтік-құқықтық актілері уақытылы жаңартылады және орталықтың сайтында өзектендіріледі және өзгерістер енгізу туралы мәліметтер қызметкерлердің назарына жеткізіледі. АИТВ орталығының әлеуметтік желілерінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы орналастырылған. Орталықта қауіпсіздік деңгейін көтеру және оның ішінде тәртіп, құқық бұзұшылықтың алдын алу мақсатында қауіпсіздік қызметін құру және АИТВ орталығы бойынша бейнебақылау камералары орнатылған.

Есеп бөлімі

Есеп бөлімінде қызметкерлердің еңбек ақылары уақытылы төленуде. Өнім берушілердің жеткізілген тауарларға, медициналық бұйымдарға, көрсетілген қызметтер үшін жіберілген есеп шот қағаздары, акттер негізінде төленуде.

2025 жылға жергілікті бюджеттен – 199 909,000 теңге, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ 467481,0 теңге бөлініп, ақылы қызметтен бөлінген қаражат мөлшері - 30 000 000 теңге.

2024 жылдың өткен мерзімінде орталық жұмыскерлерін көтермелеу мақсатында сыйақылар берілген.

Орталықта жұмыскерлерін көтермелеу тәртібі сыйақы беру, материалдық көмектер беру құрылған тұрақты комиссиямен жан-жақты қаралып, шешім түрде негізінде жүзеге асырлады.

Осы кезеңде «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалардан түскен 4 жолданым қаралған. Барлық жолдамаларға толықтай жауап берілген.

Осы уақытқа дейін сотқа талап арыз берілген жоқ.

Кәсіпорын қызметінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі саясат, корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2025 жылғы нұсқаулық бекітілген.

2025жылы 23 ақпанда АИТВ орталығының қызметкерлеріне құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында түсінік жұмыстары жүргізілді.

2025 жылдың 08 сәуір айында АИТВ орталығының медицина қызметкерлеріне Құпия деректерді қорғау, медицина қызметкер құпиясы бойынша түсіндіру іс-шаралары жүргізілген.

4. Ұсыныстар

1. Қызметкерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтау бойынша профилактикалық жұмыс жүргізу үнемі.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі оқыту және түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу;
3. Сыбайлас жемқорлықтәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері интернет ресурсында орналастырылуы тиіс;
4. Мемлекеттік сатып алу рәсімдері жазбаша сұраныс арқылы берілсін;
5. Кадр іріктеу процесіне ашықтықты қамтамасыз ету (бос тұрған лауызмдарды «Еңбек.кз» порталы арқылы хабарландыру жасау);

5.Қорытынды

Талдау нәтижесі бойынша «Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Жұмыс тобының мүшелері:

Басшы орынбасары
Комплаенс-офицер
Есепш, кәсіподақ төрағасы

Л.Ақбанова

М.Баянова

Сарсенгалиев Д

«Келісілді»

«Облыстық АИТВ-инфекциясының
алдын алу орталығы» ШЖҚ КМК
директоры

А.Кудаманова